

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы: «Тәртіп пен ұқыптылық-тәрбие негізі»
(Заң мен тәртіп жосaпы бойынша. тақырыбы: Бірыңғай өрт қауіпсіздігі)

**Дайындаған: П.Нурманбетова
А.Есиркепова**

Қайрат ауылы 2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Тәртіп пен ұқыптылық — тәрбие негізі»

Мақсаты:

- **Тәрбиелік:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа және қоғамдық орындарда тәртіп сақтауға баулу.
- **Танымдық:** «Ереже», «Тәртіп», «Жауапкершілік» ұғымдарымен таныстыру.
- **Дамытушылық:** Өз іс-әрекетіне баға бере білу, дұрыс пен бұрысты ажырату қабілетін дамыту.

I бөлім: «Шаттық шеңбері» (Қызығушылықты ояту)

Тәрбиеші: «Балалар, қараңдаршы, бүгін бізге қонаққа **Тәртіпбай** есімді кейіпкер келіпті. Бірақ ол аздап көңілсіз. Себебі ол "Ұқыпсыздар еліне" барып, ондағы тәртіпсіздікті көріп таңғалыпты. Ол елде ешқандай заң да, ереже де жоқ екен. Ойыншықтар шашылып жатыр, балалар беті-қолын жумайды екен. Бұл дұрыс па?»

(Балалардың жауабы)

II бөлім: «Ойыншықтар әлеміндегі тәртіп» (Ойын-тапсырма)

Дидактикалық ойын: «Әр заттың өз орны бар»

- **Барысы:** Тәрбиеші үстел үстіне араласып кеткен заттарды қояды (кітаптар, ойыншықтар, ыдыстар, кеңсе тауарлары).
- **Тапсырма:** Балалар екі топқа бөлініп, заттарды тез әрі ұқыпты түрде өз сөрелеріне жинауы керек.
- **Түйін:** «Заң бойынша, әр заттың өз орны болуы керек. Ұқыпты бала — тәртіпті бала».

III бөлім: «Біздің топтың заңы» (Шығармашылық жұмыс)

Тәрбиеші: «Балалар, үлкендер әлемінде Заң деген бар. Ол бәрімізге ортақ ереже. Ал біздің топта қандай ережелер болуы керек?»

Балалармен бірге **«Топ ережелерін»** талқылап, плакатқа суреттерді (пиктограммаларды) жапсыру:

1. Бір-бірімізді итермейміз (Татулық заңы).
2. Ойыншықтарды жинаймыз (Ұқыптылық заңы).

3. Тамақ ішерде қол жуамыз (Тазалық заңы).

4. Үлкендердің сөзін бөлмейміз (Тәртіп заңы).

IV бөлім: «Ұқыптылық бекеті» (Сергіту сәті)

Сергіту жаттығуы:

Оң қолымда бес саусақ, (Қолдарын көрсетеді) Сол қолымда бес саусақ.

Қосып едім екеуін, (Алақандарын біріктіреді) Болды он саусақ. Таза болсын

қолымыз, (Қолдарын жуғандай қимыл жасайды) Түзу болсын жолымыз! (Тік тұрады)

V бөлім: «Жағдаяттық сұрақтар» (Миға шабуыл)

Тәрбиеші суреттер көрсетеді немесе оқиға айтады:

- «Арман далаға шыққанда кәмпиттің қағазын жерге тастай салды. Ол ұқыпты ма?»
- «Айсұлу қуыршағының көйлегін кірлетіп, бұрышқа лақтырып кетті. Бұл тәртіп пе?»

Талқылау: Тәртіп пен ұқыптылық — тек үйде емес, көшеде де, балабақшада да керек қасиет.

Қорытынды

Тәртіпбай: «Рахмет, балалар! Сендер өте ұқыпты екенсіңдер. Егер бәріміз тәртіп сақтасақ, ешкім ауырмайды, ойыншықтар сынбайды және айналамыз әдемі болады».

Марапаттау: Балаларға «Ең ұқыпты бала» немесе «Тәртіп сақшысы» деген жұлдызшалар тарату.





